

**Алкоголь өнімдерін сақтау және бөлшектеп сатуға лицензия
алу үшін ұсынылатын
құжаттар тізбесі**

- 1) белгіленген нысандағы өтініш;
- 2) «электрондық үкімет» төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына бюджетке лицензиондық алымды төлегенін растайтын құжаттың көшірмесі.

Орналасқан объектілер бойынша лицензия алу үшін лиц/алым сомасы:
Петропавл қ. - 100 АЕК (2021жылға – 291 700 теңге).

Мамлютка қ., Тайынша қ., Сергеевка қ., Булаев қ. – 70 АЕК (2021 жылға – 204 190 теңге)

**селолық елді мекендерде 30 АЕК (2021жылға – 87 510 теңге)
2021ж. АЕК - 2 917 теңге**

Лицензия алу үшін алым ЖК, заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша бюджетке 105402 БСК-ға тиісті аудандық/қалалық мемлекеттік кірістер басқармаларына төленеді.

3) біліктілік талаптарына сай мәліметтер мен құжаттар:

стационарлық жайдың болуы туралы- жалдау немесе өтеусіз пайдалану шартының көшірмесі - осы шарттар бір жылдан кем мерзімге жасалған жағдайда,

- Мәліметтер нысаны (қосымшаға сәйкес)

Мәліметтер нысанында көрсетіледі:

4.1-тармағы бойынша– стационарлық жайды сумен, электр жарығымен және көрізбен жабдықтауды қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету туралы келісімшарттың (келісімшарттардың) атауы:

- келісімшарттардың нөмірі және күні

- стационарлық жайдың кадастрлік нөмірі

4.2-тармағы бойынша– бекіту және (немесе) деректер беру функциясымен БФ-мен БКМ-ға тіркеу карточкасынан мәліметтер:

Лицензия алуға өтінішті не бас тарту туралы дәлелді жауапты қарау мерзімі-өтініш тіркелген күннен кейінгі 1 жұмыс күнінен кешіктірмей;

лицензияны қайта ресімдеу кезінде-3 жұмыс күні ішінде

Өтінішті қабылдау және нәтижесін беру алушыда электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) болған жағдайда, www.elicense.kz "Е-лицензиялау" www.e.gov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Алкогoль өнiмiн сақтау және бөлшек саудада сату саласындағы
қызметтi жүзеге асыруға қойылатын бiлiктiлiк талаптарына мәлiметтердiң
нысаны

Алкогoль өнiмiн өндiру аумағында оны сақтау және бөлшек саудада өткiзу
жөнiндегi қызметтi қоспағанда, алкогoль өнiмiн сақтау және бөлшек саудада
өткiзу саласындағы қызмет түрi үшiн:

4.1 Стационарлық үй-жайдағы сумен жабдықтау, электр қуатымен
жабдықтау, кәрiз:

мыналарды көрсетiңiз:

1) стационарлық үй-жайларды сумен жабдықтау, электр қуатымен
жабдықтау кәрiзбен қамтамасыз ету жөнiндегi шарттың (шарттардың) атауы

_____;

2) шарттың (шарттардың) нөмiрi мен күнi _____;

3) стационарлық үй-жайдың кадастрлық нөмiрi _____.

4.2 Деректердi тiркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса
машиналары

туралы мәлiмет:

бақылау-кассалық машинаны тiркеудi растайтын құжаттың нөмiрi мен күнiн
көрсетiңiз _____.

**Алкоголь өнімін
сақтау және бөлшек саудада өткізу үшін қойылатын біліктілік талаптары**

№ п/п	Біліктілік талаптары мыналарды қамтиды:	құжаттар	Ескерту
Алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызмет түрі үшін			
21	Денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарының, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық және спорттық-техникалық құрылыстардың, автожанармай құю станцияларының, сауда базарларының, мәдени-демалыс ұйымдарының ғимараттарынан және аумақтарынан тысқары орналасқан, меншік құқығындағы немесе уақытша иелік ету (пайдалану), өтеусіз пайдалану құқығындағы, тұрақты тұруға қарағанда өзге мақсатқа пайдалануға арналған стационарлық үй-жайлар	Жүргізілген тіркеу туралы тіркеуші органның белгісі бар құқық белгілейтін құжат Шарт бір жылдан кем мерзімге жасаған жағдайда, жалға алу немесе өтеусіз пайдалану шартының көшірмесі	Қызмет көрсетуші ЖМТ МДБ ақпараттық жүйесінен алады
22	Стационарлық үй-жайларындағы (сумен жабдықтау, электр қуатымен жабдықтау және кәріз) жүйесі	Сумен жабдықтау, электр қуатымен жабдықтау, кәріз болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес)	
23	Деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналары	Деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналары болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтердің нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес)	Деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналары "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 645-бабының талаптарына сәйкес келуге тиіс